



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- разработка интегрированных образовательных программ по дисциплинам «Профессиональный казахский (русский) язык», «Профессионально-ориентированный иностранный (английский) язык»;

- подготовка учебно-методических комплексов специальностей и учебно-методических комплексов дисциплин, проводимых в полиязычных группах

Таким образом, на сегодняшний день Казахстан со своим этническим многообразием является благоприятной “площадкой” для развития полиязычной личности. Сегодня Казахстан выбрал единственно правильный путь развития, внедренной Президентом политики, - «Триединства языков», укрепляя позиции как государственного, так и иностранных языков. В то же время, полиязычное образование является велением времени и своего рода гарантом для поддержания стабильности и мира в нашей многонациональной республике.

Список использованных источников

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – С.4
2. Ахметжанова Ш.Б., Изюмова Т.С. Значение изучения иностранных языков при подготовке специалистов., 2011. – С. 23
3. Государственная программа развития образования в РК., 2012. – С.12

ӨОЖ 330.78

БАЛАНЫ ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кенжетоева Алтынай

altynaikenzhetaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Сейітқазы П.Б

Кез келген бала өз өмірінде қашан болса да бір жаңа ортаға тап болары сөзсіз. Ал жаңа орта дегеніміз – жаңа ауладағы көрші балалар, есігін алғаш ашқан балабақша немесе мектеп қабырғасы, лагерьлер немесе үйірмелер.

Көптеген балалар үшін жаңа ортаның қай-қайсысына болмасын бейімделу оңайға соқпайды. Олай болатын себебі: баланың қай қайсысы да қоғамға әлеуметтік-психологиялық сипаты әр түрлі отбасылардан кез келеді. Бірінде бала аға-бауырларының ортасында көптің бірі, яғни, көпшіл болып өссе, енді бірінде керісінше, бір шаңырақтың жалғыз баласы, ерке болып өсуі ықтимал. Ал кей балалар мұндай жағдайларға қарамастан, үйдегі үлкендердің өзіне деген көзқарасы мен қарым-қатынастарына қарай сезімтал, үрейленгіш, күмәншіл немесе басқа да мінез-құлықта болуы мүмкін.

Жаңа ортаның бала мен ата-ана үшін аса маңыздысы әрі бастамасы да балабақша болып табылады. Себебі балабақша мектеп пен отбасы арасындағы алтын көпір сияқты. Балабақшада тәрбиеленген бала мектепке барғанда қиындық көрмейді десе де болады.

Сол себепті де тәрбиешілер үшін де, ата-ана үшін де балабақшаны «әке-шешесі жұмыста болғанда баланы қалдыратын орын» емес, баланың екінші үйіне айналдыру мәселесін есте сақтау керек.

Бұл мақсатқа жету қадамы үйден басталуы маңызды. Яғни, ата-ана баланы балабақша өміріне дайындауы қажет. Нақты күн тәртібіне машықтандырып, балабақшадағы балалардың өмірі жайлы қызықты әңгіме айта білген дұрыс. Баламен жарыс ұйымдастырып, қол жуу, киіну, тамақ ішу, жуыну сынды дағдыларын қалыптастырған абзал. Баланы таныс емес адамдармен, үлкендермен, балалармен қарым-қатынас жасауға біртіндеп бейімдеу қажет.

Балалар саябағына, мерекелерге, ойын алаңдарына үнемі апарып, құммен ойнауға үйретудің де берері мол.

Баланы балабақшаға дайындау барысында «Балабақша» ойынын ойнаудың тиімділігі зор. Бұл ойында ана-қуыршақтар «балаларын» балабақшаға апарып, «жұмысқа кететін» болады. Ойын арқылы балабақшадағы балалардың іс-әрекеттері көрінеді: яғни, оқу, серуендеу, тамақтану, ұйықтау.

Осы бір қарапайым әрекеттерге бой үйретіп, балабақшаға келген бала туралы әңгіме тәрбиешілермен жалғасуы тиіс.

Тәрбиеші болса өз тарапынан қадам жасап, баланың қай тамақты, қандай ойынды ұнататынын білгені жөн. Сонымен қатар, баланы үйдегілер қандай аттармен атайтынын да тәрбиеші біліп, солай атауына болады. Бұл бейімделу үрдісін біршама жеңілдетеді.

Балабақшаға алғаш барған баланы ата-анасы күнұзаққа қалдырмай, бастапқы күндері үйіне ерте әкетіп отырғаны дұрыс. Балаға қашан алып кететінін ескерткен ата-ана сөзінде тұрып, айтылған уақытта келуінің өзі бала көңілін жайландырып, сенімділік сыйлайды.

Баланың балабақшаға өзі жақсы көретін ойыншығын ала баруы да бейімдеудің тиімді әдістерінің бірі. Мейлі, бала онымен ойнамай, сөмкесіне салып қойса да, ол балабақша ішінде өз үйінің бір бөлігі жүргендей әсерде болады.

Сондай-ақ, балабақшадан келген соң ата-ана баладан оның күнді қалай өткізгенін, балабақшада немен айналысқанын сұрауы тиіс. Сонда бала әке-шешесінің өзінің күнделікті тірлігіне ортақ екенін сезінеді.

Ата-ана балабақша туралы әңгімелегенде, келеңсіз жайттарды тілге тиек етер болса, бұл тәрбиеге кері әсер етеді. Ал «балабақшаға апарып тастаймын» деп қорқытса, тіпті қателескені.

Баланың жаңа ортаға бейімделуі үш түрге бөлініп қарастырылады: жеңіл, орташа ауырлықтағы және ауыр.

Жеңіл бейімделуде баланың нашар көңіл күйде жүруі ұзаққа созылмайды. Әйтсе де бала нашар ұйықтап, тәбеті төмендейді, басқа балалармен ойынға зауқы соқпайды.

Ауырлығы орташа бейімделу кезінде баланың жаңа ортаға үйренуі баяу жүреді. Жаңа ортаға түскен бір ай дересінде ол міндетті түрде жіті респираторлық сырқатпен ауырады. Ауру 7-10 күнге созылады.

Ауыр бейімделу кезеңінде баланың эмоционалдық күйінің қалпына келуі ұзаққа созылады. Тіпті бірер айға баруы мүмкін. Бұл кезде бала бірнеше рет ауырып, қисық мінез көрсетіп қалады.

Баланың жаңа ортаға төселе алмауының себептері оның қимыл-қозғалыс белсенділігінің төмендігінен, айналадағы игі істерді толыққанды сезіне алмауынан, ересектермен қарым-қатынасының жеткіліксіздігінен болуы мүмкін. Тіпті киген киімінің қолайсыздығы, уақытында тоя тамақтанбауы, ұйқының қанбауы сияқты жайттар да ықпал етіп жатады. Сондықтан күн тәртібі, мұқият гигиеналық күтім, күн тәртібіндегі барлық әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру баланың тәртібі мен көңіл-күйін қалыптастырудың кепілі болып табылады.

Баланы балабақшаға бейімдеудегі міндетті жұмыстардың бірі бала және отбасы туралы мәлімет жинау болып табылады. Бұл мақсатқа ата-аналарға сауалнама ұсынылады. Сауалнаманы толтыра отырып, ата-ана өз баласына нақты мінездеме береді. Тәрбиеші алынған материалды талдап, баланың мінез-құлқы, қызығушылықтары, әдет-дағдылары жайлы ақпаратты игереді. Бұл тәрбиешіге бейімделу кезеңіндегі баламен дұрыс қарым-қатынас қалыптастырып, жаңа жағдайға бой үйретуіне көмектеседі. Бейімдеу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін отбасымен жұмысты ұйымдастыра білу керек. Ата-анаға баланы қоғамдық тәрбиеге дайындауға қажетті ұсынымдар беру қажет. Ол күн тәртібінің үйде сақталуы, мәдени-тазалық машықтары, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, баланы өз құрдастарымен және ересектермен тілдесу сияқты жайттар болмақ.

Тәрбиеші ата-аналарды баланың психологиялық даму картасымен таныстыра отырып, баланың өз жасына сай нені істей алуы керектігін түсіндіреді.

Баланы топқа қабылдар алдында балабақша меңгерушісі, әдіскер, психолог, медицина маманының қатысуымен ата-аналар жиналысын өткізу қажет. Онда мамандар балабақшаның ерекшеліктері, кіші топ балаларының сипаттамасы жайлы айтып, сұрақтарға жауап береді.

Бейімдеу жұмысының мақсаттылығы үшін тәрбиешілер оқу-тәрбие жоспарын құрғанда ата-аналарға кеңес сағаттарын, ойындар, жаднамалар, балаларға дидактикалық материалдар, қозғалыс ойындары, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін енгізуді ескеруі тиіс. Мұның бәрі баланың жарқын көңіл-күйін тудырады.

Сауалнамаларды түрлендіру, баланың үйіне барып тұрмысымен танысу, жылжымалы папкалар әзірлеу, педагогикалық насихаттың көрнекі формалары (стендтер), әңгімелесу – бұлар да бейімдеу жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Бейімдеудің екінші кезеңі педагогтармен және балабақша қызметкерлерімен танысу түрінде өрбиді. Бұл жұмыстың формалары: бейімделмеген балаларды топтағы балалармен таныстыру, ашық мерекелер (Наурыз, 8 наурыз, т.б), ата-аналарға балабақша кітапханасындағы әдебиеттерді көрсетіп, шолу жасау.

Баланы жаңа ортаға бейімдеу жұмысының негізгі принциптері:

1. Құрылып жатқан топқа тәрбиешілерді мұқият іріктеу;
2. Топты біртіндеп қана толықтыру (аптасына 2-3 сәбиден ғана);
3. Бейімделу кезеңінде баланы аса ұзақ ұстамау (2-3 сағаттай ғана);
4. Алғашқы 2-3 аптада баланың үйреншікті әдеттерін тыйым салмай сақтау;
5. Күн сайын денсаулық жағдайын, эмоционалды күйін, асқа тәбетін, бірінші айда ұйқысының тыныштығын қадағалау. Бұл мақсатта балаға арналып «бейімдеу парағы» жүргізілуі керек.

Бейімделу үдерісінің кедергілерін болдырмаудың негізгі міндеттері мыналар:

*өзгеріске ұшыраған жекелеген жағдайларға талдау жүргізу;

*бейімделу кедергілерін және эмоционалды-тұлғалық саладағы бұзылушылықтарды анықтау;

*баланың бейімделу кезеңінің басындағы және соңындағы психоэмоционалды жағдайына баға беру.

Барлық жұмыс үш кезеңде жүзеге асады:

1. Үш бағыт бойынша алғашқы диагностикалау:
 - Ата-аналардың отбасындағы балаларына мінездеме беруі;
 - Тәрбиешінің бейімделу кезеңіндегі балаға баға беруі;
 - баланың психоэмоционалды жағдайын бағалау.
2. Екінші кезеңге психологиялық-алдын алу және түзету-дамыту жұмыстары кіреді, олар бейімделудің бастапқы кезеңінде ұшырасатын қиындықтарды жоюға бағытталған.
3. Үшінші кезеңде бақылау диагностикасы жүреді, яғни, ата-аналармен қайталама сауалнама жүргізу.

Бейімдеу кезіндегі түзету жұмыстарының міндетіне төмендегілер жатады:

- бала үшін қауіпсіз әрі жайлы ахуал тудыру;
- баланың ішкі әлемін өз қалпында түсіну;
- балаға көбірек еркіндік беру.

Ал жасы тым кіші балалармен жұмыста мынадай ерекшелікті ескермесе болмайды: сәби бала өз мәселелерін өз бетінше айтуға қабілетсіз, сондықтан өзіндегі қиындықты ол еркелік, шолжандық, агрессивтілік, дамуындағы тежелулер арқылы білдіреді. Мұның өзі бейімделу жұмысына психологтың дереу кірісуін қажет етеді.

Түзету жұмыстарының барынша тиімді әдісі ойын терапиясы болып табылады. Жасы кіші сәбилер ойыншықтар мен тұрмыстық бұйымдарға құмар келеді. Ойын барысында олар жаңа білім мен дағдыға ие болады, қоршаған ортаны таниды. Әсіресе, кішкентай балалар үшін сенсорикалық және моторикалық ойындардың ролі зор.

Сенсорикалық ойындар баланың алуан сипаттағы заттармен: құм, саз балшық, қағазбен жұмыс істеу тәжірибесін байытады. Олар сенсорлы жүйе: көру, дәм сезу, дыбысты есту, температуралық сезімталдықты дамытады.

Сенсомоторикалық деңгей жоғары психологиялық қызметтер: қабылдау, есте сақтау, назар қою, пайымдау, сөйлеу қабілеттерінің негізі болып табылады. Сенсомоторикалық даму тек баланың ересектермен өзара қарым-қатынасқа түсуі кезінде ғана жүзеге асады.

Енді назарларыңызға бірнеше бейімдеу ойынын ұсынамыз:

«Құмға сурет салу» ойыны

Табакқа ұнтақ жармасын себесіз. Оны үйме етіп сеуіп немесе жаюға болады. Табактың үстімен қояндар секектеп, пілдер маңғаздана өтіп, жауын себелейді. Оны күн сәулелелері жылытып, бір кезде сурет пайда болады. Ал ол ненің суреті болатынын сізге бала айтуы тиіс. Ол ойынға шын көңілімен кірісетін болады. Іс-әрекеттерді екі қолмен орындаған дұрыс.

«Ойыншықпен тілдесу» ойыны

Қолыңызға қолғап-ойыншық киіп, балаға да кигізіңіз. Баланың қолындағы ойыншықтың басынан сипап, «Менің көжегім (немесе қонжығым) неге көңілсіз? Ол балабақшада кіммен достасты екен? Қандай ойындар ойнады екен?» деген мағынада сұрақтар қойып, екеуара әңгімелесіңіздер. Сәлем беріңіздер. Ойыншық образына кіре отырып, бала да өзінің жан дүниесіндегі өзгерістерді қалай бөліскенін білмей қалады.

«Құямыз, төгеміз, салыстырамыз» ойыны

Су құйылған кең ыдысқа ойыншықтар, поролон губка, түтікшелер, қақпақтары бар бөтелкелер салынады. Суды түйме, кішкене кубиктер сияқты заттармен де толтыруға болады. Ойын мазмұны мынадай:

- Бір қолға сыйғанынша су ішіндегі заттарды толтырып алып, екінші қолға төгу;
- Бір қолға тек моншақтарды, ал екінші қолға тек әсем тастарды толтырып алу;
- Алақанға заттарды мейлінше көп қармап алуға тырысу.

Әр тапсырмадан соң бала алақанын су ішінде ұстап, демалдырады. Жаттығу ұзақтығы бес минуттың маңында. Ойын соңынан бір минуттай баланың қолын сүлгімен сүрте уқалау керек.

Жалпы, суды бала өте жақсы көреді. Судың адамның жүйкесін тыныштандыратын қасиетін қашанда ескерген абзал.

Бейімделу кезеңінен өтіп болған баланы анықтаудың да нақты көрсеткіштері бар. Яғни, жаңа ортаға толықтай бой үйреткен бала жайлы ұйықтап, асқа тәбеті жоғары болады. Үнемі сергек те белсенді. Өзінің үйдегі әдет-дағдыларын жасқанбай көрсетеді. Сонымен қатар, толысып, дене салмағы артады. Егер бала-бақшаға жаңадан келген балалардан осындай белгілер байқалса, демек, бейімдеу жұмыстарыңыздың сәтті өткені деп түсіну керек.

Қорыта айтқанда, балаларды жаңа ортаға бейімдеуде қателіктерге ұрынбас үшін ата-аналар мен бала-бақша қызметкерлерінен үлкен шыдамдылық, жауапкершілік, құзіреттілік талап етіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Божович Л.И. «Лияность и ее формирование в детском возрасте». Москва «Просвещение». 1996 г.
3. Репина Т.А. «Деятельность и взаимоотношения дошкольников». Москва. «Педагогика». 1987 г.